

**Мұнайла ауданы бойынша білім бөлімі Маңғыстау облысы білім басқармасының
тапсырмасына сәйкес, 2023 жылға бөбекжай басшысы Титанова Марям
Үсенқызының жылдық есебі**

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы 2015 жылдың 10-шы сәуірінде ашылған болатын. Осы 8 жылдың ішінде бөбекжайымыз көптеген жетістіктерге жетті және көптеген қиыншылықтарды жеңіп өтті. Бөбекжайымыз 280 балаға арналған. Қазіргі таңда бөбекжайымыздың 1-ші блогын жалға алып отырғандықтан 250 балаға шектелді. 10 топ жұмыс жасауда оның ішінді 1- сәбилер тобы, 2 –кіші топ, 2 ортаңғы, 2- ересек және 3- МАД топтары. Бөбекжайымызда 73 қызметкер оның ішінде педагогтар-36 қызметкер болса қалғаны 37- кіші қызметкерлер. Бөбекжайымыз күзет қызметкерлерімен қамтылған. Бөбекжайымыз жылда автоматты өрт дабыл жүйесі (АПС), бірінғай кезекшілік диспетчерлік қызметі (ЕДДС), дабыл түймесі, жедел басқару орталығымен (ЦОУ), бейнебақылау, су, септик, дезинфекция, қоқыс алу мекемелерімен, тамақ, құм, судан сынама алатын лабораториямен, газ, жарық, тағыда қажетті мекемелерімен қызмет көрсету үшін келісім шартқа отырады.

2023 жылға 216 917,00 тенг қаражат бөлініп, барлығы толықтай игерілді.

№	специфика	Қанша
1	111	149,192
2	112	17 106,61
3	113	60705,32
4	122	40806,59
5	124	70788,97
6	142	299,81
7	149	12 154,50
8	151	10 521,62
9	152	374,49
10	159	7692,83
11	161	265,33
12	169	9,01

2023 жылы балалар және қызметкерлер үшін орындықтар, тақталар, ойыншықтар, кіші қызметкерлерге арнайы киімдер, асханаға электр пеші, жылу үшін радиотор, гүл қойғыштар, гүлге арналған топрақтар, шаруашылыққа қажет құралдар, концелярлық құралдар алынды. 2024 жыл үшін сұраныстарымызды жаңартып жоспар бекітілді.